



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
ДИАСПОРАЛЫҚ САЯСАТЫ**

Қазақстанның мемлекеттік диаспоралық саясаты этникалық қазақтарды Қазақстанға қайтару және шетелде тұратын отандастарды қолдау саласындағы мәселелерді реттеуге бағытталған

Тәуелсіздік жылдарында бұл салада **бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар** қабылданып, іске асырылды, олардың ішінде 1996 және 2005-2007 жылдары шетелде тұратын отандастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ оларды іске асыру жоспарлары, 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы, ҚР Көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы бар.

Диаспоралық саясатты іс жүзінде жүзеге асыру үшін **Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары** қабылданды, алайда Қазақстанда диаспоралық саясатты реттейтін жеке заң жоқ.

ДИАСПОРАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗІ:



Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шаралары және диаспорамен диаспорамен байланыс орнату тетіктерін нақты іске асыру еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған қоғамдық бірлестіктер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда осындай ұйымдар 2017 жылы Нұр-Сұлтанда өткен **Дүниежүзілік қазақ құрылтайының қорытындысы бойынша құрылған Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы және «Отандастар қоры»** болып табылады.

Диаспораны қолдау аясында келесі жобалар жүзеге асырылуда:

- «Қазақ мәдени-іскерлік үйі (Qazaq House)» жобасы – этникалық қазақтарға қазақ мәдениетін, дәстүрін, тілін үйреніп қана қоймай, Қазақстан кәсіпкерлерімен іскерлік байланыс орнатуға мүмкіндік беретін қоғамдық жоба.
- «Тұрақты ауыл» жобасы – жоба репатрианттарды ауылдағы олардың кәсіпкерлік белсенділігін атаулы қолдау үшін бизнес субъектілерінің жеке санатына бөлуді көздейді.
- «Береке» оқу-өндірістік орталығы» жобасы – бағдарлама өндірілген өнімді өткізудің кепілді нарығын қамтамасыз ете отырып, репатрианттардың өндірістік қызметін жүзеге асыру үшін өнеркәсіптік аймақтар желісін құруға бағытталған.

Шетелдегі қазақ диаспорасымен тұрақты байланыс орнату қажеттілігін қоғам тарапынан қолдау деңгейі ұзақ уақыт бойы айтарлықтай жоғары деп сипаттауға болады. Мәселен, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері егер 2009 жылы қолдау көрсеткіші 67%-ды құраса, 2017 жылы ол 74,8%-ға¹ жетті, сол арқылы қазақстандықтардың жүргізіліп отырған мемлекеттік диаспоралдық саясатқа оң көзқарасын байқаймыз.


¹ Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты жүзеге асырған «Қазақстандықтардың қазақ диаспорасына қатынасы: жағдайы, бағалары, болашағы» жобасының нәтижелері. 2009 жылы зерттеу Қазақстанның барлық облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар Астана мен Алматы қалаларында 1502 респонденттің қатысуымен жүрді. 2017 жылы Қазақстанның 14 облысында, сондай-ақ республикалық маңызы бар Астана мен Алматы қалаларында 1800 респонденттің қатысуымен жүргізілді. Сауалнамалар сұхбат арқылы жүргізілді (Face-to-Face)».

Шетелдегі қазақ диаспорасымен жұмыс істеуден басқа Қазақстанның диаспоралық саясатының негізгі бағыттарының бірі этникалық қазақтарды репатриациялау саясатын іске асыру. **1991 жылдан бастап 1 074,3 мың этникалық қазақ тарихи Отанына оралды.**

2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша, **3 966 этникалық қазақ** Қазақстанға оралып, қандастар мәртебесін алды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес:

Орналастыру аймақтары



Кему елдері бойынша келген қандастар саны



Қазіргі таңда **қандастар үшін** нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидия түрінде **мемлекеттік қолдау қарастырылған:**

- **қоныс аудару үшін** – отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК (92,8 мың теңге) біржолғы төлем;
- ай сайын, 12 ай ішінде бір отбасына төленетін **тұрғын үйді жалдау (жалға алу)** және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу үшін 15-тен 30 АЕК-ке дейін (39,8-ден 79,5 мың теңгеге дейін) беріледі.



**НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ
ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ
2017 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА**

ҚОНЫС АУДАРУ ҮШІН

35 АЕК (92,8 мың теңге)
отбасының әрбір мүшесіне біржолғы төлем

**ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛДАУ
(ЖАЛҒА АЛУ)**

15-тен 30 АЕК-ке
(39,8-ден 79,5 мың теңге)
*ай сайын, 12 ай ішінде бір
отбасына төленетін беріледі*